**СЕГОДНЯ ПЕРЕД ГРУЗОВЫМИ ПЕРЕВОЗКАМИ СТОИТ МАСШТАБНАЯ ЗАДАЧА ПО ПЕРЕХОДУ К НОВОЙ МОДЕЛИ РАБОТЫ, ДЛЯ ЭТОГО КОРРЕКТИРУЮТСЯ ПЛАНЫ, РЕАЛИЗУЮТСЯ МЕРОПРИЯТИЯ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ТО, ЧТОБЫ УСЛУГИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ СТАЛИ БОЛЕЕ ЭФФЕКТИВНЫМИ И КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫМИ.**

Даурен БИМОВ,
заместитель председателя правления по грузовому движению АО «НК «ҚТЖ» – генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»



→5 стр.

№8-9 (2616-2617)
12/03/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА
РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖАҢА ЖОБА ҮМІТТІ АҚТАДЫ

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденов Ақтөбедегі «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығына келді. Қазақстан темір жолы үшін тарихи маңызға ие жоба қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған және Компанияның Даму стратегиясының мақсаттарына толықтай жауап береді.**



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Серік Әбденов полигонды, пойыз диспетчерлерінің жұмыс орындарын аралап көрді. Жаңа жерде жұмыс жасап жатқан әр қызметкердің жағдайы мен ұсыныстарын сұрап, тілдесті.

Батыс аймақ бойынша пилоттық полигон бес бөлімшенің Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал, Қызылорда диспетчерлік орталықтарын біріктіреді. Автоматтандыру процесі толықтай бір ізге қойылған. Орталық өткен жылдың соңында құрылып, жұмысын бастаған. Нәтижесінде Батыс өңірі бойынша пойыздар қозғалысын жедел орталықтандырылған басқару табысты қамтамасыз етілді.

– «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» – Ұлттық компанияның бірегей жобасы. Оған жыл бойы үлкен дайындық жүрді. Өткен жылы цифрлық трансформация бағдарламасы аясында іске асырылды. Бес өңір: Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау облысындағы диспетчерлер бір жерге көшірілді. Бүгінде қозғалысты қашықтықтан басқару мүмкіндігіне қол жеткізіп отырмыз. Компаниямыздың технологиялық даму мүмкіндіктері қашықтан басқару идеясын жүзеге асырды. Бұрын жолдың бос немесе бос емесі телефонмен хабарланатын. Әр облыста отырған диспетчерлер телефон арқылы хабарлама алып, бағдаршам шамын өзгертіп, бағытты түзеп отыратын. Қазір автоматтандырудың, тиісті каналдардың арқасында барлық жағдай орталыққа бірден келеді, сондықтан жаңа жоба үмітті ақтады деп сеніммен айта аламыз», – деді Серік Әбденов.

Орталық оптикалық-талшықты байланыс желісі арқылы теміржол станцияларының құрылғыларын ұзақ қашықтықтан басқаруға мүмкіндік береді. Магистральдық желі учаскелерін микропроцессордағы диспетчерлендірудің қазіргі заманғы жүйесімен жабуды қарастырып, теміржол байланысы орталық пункттерінің аналогты көлемді жабдығын қазіргі заманғы цифрлық жабдыққа ауыстыруға мүмкіндік береді.

*(Жалғасы 2 бетте)*

*Суретті түсірген автор*

### ҚТЖ В БОРЬБЕ С COVID-19

**В Казахстан из Китая доставят три миллиона флаконов для вакцины против коронавируса. Транспортировку груза осуществит АО «НК «ҚТЖ».**

6 марта текущего года с китайско- казахстанской материально-технической базы Ляньюньган отправился международный поезд «Цзянсу» с 1 110 ящиками, в которых находятся флаконы для вакцины против коронавируса.

В пути ценный груз будет примерно 6 дней. Его доставят в Алматы.

К слову, в период эпидемии коронавирусной инфекции из порта Ляньюньган железнодорожным транспортом через Казахстан в страны и регионы Центральной Азии доставляются медицинские маски, инфракрасные термометры и другие материалы для профилактики.

Тем самым АО «НК «ҚТЖ» продолжает вносить свой вклад во всемирную борьбу с пандемией. Железнодорожники направили усилия для защиты здоровья и безопасности и своего коллектива – закупали заболевшим коллегам лекарства, аппараты ИВЛ, кислородные баллоны. Кроме того, многие сотрудники национального перевозчика занимались шитьем многоразовых масок, развозили горячее питание медикам и полицейским. Все эти мероприятия соответствовали корпоративным ценностям компании и проекту «БЛАГО», который был запущен в Казахстане.

*Айлин БАУРЖАН, Нур-Султан*

## ХРОНИКА

**ЦИФРЫ ГОВОРЯТ**

С НАЧАЛА МАРТА ОКОЛО
**13000**
РАБОТНИКОВ ПУТИ И
**805**
СПЕЦМАШИН ВЕДУТ БОРЬБУ СО СНЕГОМ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ В РК.

В РЕЗУЛЬТАТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТОВ ПРОГРАММЫ ТРАНСФОРМАЦИИ С 2021 ПО 2025 ГОДЫ ОЖИДАЕТСЯ ПОЛУЧЕНИЕ ЧИСТЫХ ВЫГОД В РАЗМЕРЕ НЕ МЕНЕЕ
**100 МЛРД ТЕНГЕ**

### ВНУТРЕННИЙ ТРЕНЕР ВСЕГДА «В ТЕМЕ»

**В АО «НК «ҚТЖ» объявлен новый набор внутренних тренеров. На сегодняшний день в проекте задействовано 47 действующих внутренних тренеров/со-тренеров из числа работников компании.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

По словам специалистов, внутренний тренер «убивает трех зайцев». Дело в том, что когда сотрудники проводят мастер-классы для коллег, компания не только обучает людей, но и экономит, выявляет и мотивирует лучших, накапливает архив ошибок и достижений.

Может быть, внутренним тренерам и не хватает пока навыков, зато они владеют инсайдерской информацией, из-за чего обучение максимально приближено к жизни.

– Подготовка и проведение тренинга – огромный скачок личностного роста. Человек пересматривает массу литературы, изучает источники, ему важно быть на высоте перед коллегами. Преимущество внутреннего тренера еще и в том, что он «в теме» и знает о рабочих ситуациях не понаслышке, – говорит менеджер департамента управления человеческим ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Ержан Жаналиев.

Приглашенный тренер вряд ли будет использовать на занятиях кейсы из реальной практики компании так, как это может сделать сотрудник, которому известны рабочие нюансы – преподать любую тему в прикладном контексте.

Именно по этим причинам в 2019 году в АО «НК «ҚТЖ» запущен проект по созданию института внутренних тренеров. Его цель – развитие и обучение работников компании силами внутренних экспертов по разным направлениям деятельности. Так, в рамках 4-модульной программы обучения «Внутренние тренеры» они, к примеру, прошли такие темы, как структура и логика тренинга; особенности и принципы обучения взрослых; методы и форматы преподнесения информации; искусство управления голосом; умение составлять программы тренингов в зависимости от




целей и задач бизнеса.

Сейчас идет новый набор внутренних тренеров. От желающих стать сертифицированным внутренним тренером нет отбоя. Для кандидатур требованием является написание эссе на тему «Почему я хочу быть внутренним тренером?». Также необходимо записать 2-минутный видеоролик о себе и пройти живое собеседование с внешним куратором программы. Все заявки принимаются до 24 марта 2021 года.



«ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМШАРТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ҰСТАНЫМДАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛЫП ҚҰРЫЛАДЫ, ЯҒНИ ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ БАРЫСЫНДА ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ӘДІЛЕТТІ ҰСЫНЫС-ТІЛЕКТЕРІМЕН ҚАТАР КӘСІПОДАҚ ӨКІЛДЕРІ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР ДЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНДЫ»

**Жұпарбек СӘБИТОВ,**
«Қазкөлікқәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары

### ҚАРЛЫ БОРАНМЕН КҮРЕС

**Қазіргі таңда Қазақстанның барлық өңірлеріне түскен қалың қарға байланысты теміржолшылар тәулік бойына темір жол төсемдерін ақ қардан үздіксіз тазалау үстінде.**

Биыл наурыз айының басынан бері 13 мыңға жуық жолшылар мен 805 арнайы машина күшімен темір жолда қармен күрес жүргізіліп жатыр. Бұл ретте қар тазалау жұмыстары штатты режимде атқарылуда. Сарапшылардың болжамы бойынша, қолайсыз ауа-райы әлі бірнеше күн сақталады. Соған байланысты темір жол инфрақұрылымы нысандарында қармен күрес жұмыстары күшейтілді. Осы айдың басынан бері 33 мың километрден астам темір жол бойынан барлығы 248 мың текше метр қар шығарылды. Аса күрделі метеорологиялық жағдайға қарамастан, әсіресе желге қарсы жүру мүмкін болмай тұрған кездің өзінде пойыздардың үздіксіз, әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін қар тазалау жұмыстары дұрыс жолға қойылып, тоқтаусыз жүргізілуде.

*Жәнібек КЕҢЕС,*
*Нұр-Сұлтан*









№8-9 (2616-2617) 12/03/2021

## БАҚЫТ ДЕГЕН – ЖАНҰЯ ЖАРАСТЫҒЫ...

**Ардан СЕРДАЛЫ,**
Ақтөбе

БАЙҚАУ

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденов Ақтөбеге сапары аясында «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» трансформация жобасымен Орал, Атырау, Маңғыстау және Қызылордадан қоныс аударған диспетчерлердің шаңырағында болып, қоныс құтты болсын айтып шықты.**



Қызылорда облысынан көшіп келген Мұхтар Кәрімбаев қадірлі қонақтарды шаңырағында қуанышпен қарсы алды. Компания өкілдері жас отбасы шаңырағына шашу ретінде тұрмыстық техника сыйлап, құтты қоныс, табысты еңбек тіледі.

«Бәрі де жақсы, жағдай жасалған. Балабақша да, мектепте үйдің қасында. Ақтөбеге келгенде еш қиындық болған жоқ. Әрбір теміржолшыны бір тұлға ретінде қарап, барлық жағдайын жасау жобаның салмақты екенін көрсетті. Қонысымызды жаңа жерге аударумен қатар, теміржолдағы цифрлық технология жетістігі, даму жобасын көзімізбен көріп жатырмыз. Ақтөбе ұнады, үлкен қала», – дейді Қызылорда өңірі бойынша бөлімше кезекшісі Мұхтар Кәрімбаев.

Үш ұлдың әкесі Мұхтар кіші ұлының кіндігін Ақтөбеде кескен. Жас маман жаңа жерде тағы бір ұлды болуын, басшылық құрамның шаңырағына келгенін жақсы ырымға жорыды. Ол 11 жылдан бері теміржол саласында еңбек өтеді. Жұбайы да теміржолшы. Бір салада танысып, бас қосқан, келіншегі бала күтімімен қазір үйде отыр. «Бақыт деген ол – жанұя жарастығы» дейді жас отбасы.

Атырау өңірі бойынша бөлімше кезекшісі Данияр Ержанов та жаңа лекпен келген пойыз диспетчері. Ол еңбек жолын Мақат станциясында белгі беруші болып бастаған. «Ақтөбеге орналасып, жұмыс жасап жатырмыз. Жағдайымыз жақсы. Анамды да алып келдім. Көш кезінде еш қиындық болған жоқ. Жақсы бір қазақы дәстүрмен көшіріп алды. Сол кезеңнің өзі біздің есімізде әдемі естеліктермен қалды. Алдымыздан ағарған мен бауырсақ алып шыққан әріптестеріміз жаңа жерге бауыр басуға көмектесті», – деді Данияр Ержанов.

Серік Әбденов әр диспетчердің үйін аралап, жағдайын сұрап, жайлы тұрмыстарына көз жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

## ТАҒЫ ДА ЖЕТІЛДІРЕ ТҮСТІ

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

СЕРВИС

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ билеттерді онлайн сатып алу үшін «ҚТЖ билеттері» ресми мобильді қосымшасын жаңартты. Оны Android құрылғысына PlayMarket арқылы жүктеп алуға болады. Бета-нұсқасының қолданушылары да PlayMarket арқылы өз қосымшаларын жаңарта алады.**

«ҚТЖ билеттері» қосымшасы арқылы сіз қажетті бағытта пойыздарды іздеу мүмкіндігін пайдалана отырып, сапарларыңызды авторизация жасамай-ақ жоспарлай және бос орындардың бар-жоғын тексере аласыз. Сонымен қатар, авторизациядан кейін сіз билетті комиссиясыз сатып алып, төлей аласыз. «Жеке кабинетте» сіз бұрын сатып алынған барлық билеттер бойынша ақпаратты көре аласыз. Жолаушылар тасымалын ұйымдастырушы компания «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасын үнемі жетілдіріп, оның техникалық сипаттамаларын жақсартуда және дербес деректерді қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдауда. Өткен жылы саусақ ізі - Touch ID және Pin-код арқылы мобильді қосымшада аутентификациялау функциясы іске қосылған болатын. Жеке деректерді толтырмас бұрын, атап айтқанда, маршрутты, вагонды және орынды таңдағаннан кейін мобильді қосымшаның пайдаланушылары сәйкестендіруден өтеді.

Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін теміржол билеттерін сату жүйесін электрондық форматта жетілдіруге баса назар аударылған. Мәселен, өткен жылы BILET.RAILWAYS.KZ сайты Kaspi Банкінің процессингімен толықтырылған еді, яғни бұл тұрғыда мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін жеңілдікті билеттерді онлайн рәсімдеу мүмкіндігі пайда болды. Балама ретінде онлайн режимде теміржол билеттерін интернет-ресурстар және өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары арқылы рәсімдеуге де болады.

## ТАСЫМАЛ

# ЖҮК КӨЛЕМІ КЕМІГЕН ЖОҚ

**Елімізде былтырғы жылы көктемде басталған пандемияға қарамастан, Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 2020 жылғы тасымал көлемі әдеттегіден көп кеміген жоқ. Экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын басқа да тауарлар тасымалы қалыпты деңгейді сақтады.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Әйтсе де, ресурсұстаушылардан қара мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған әлемдік пандемиямен байланысты нарықтағы ауқымды дағдарыс, мұнай бағасының құлдырап кетуі, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлемқабілетсіздігі де себеп.

Теміржолда тасымал ауқымы ай сайын жоспарланып, ол әр күнге есептеліп отыратынын ескерсек, бөлімшеде Директорлар кеңесінің (ДК) жоспары бойынша пайдаланым жүк айналымы өткен жылы 98,3%-ті құраған, яғни 2,7 процентке кем. Өткен жылдағы негізгі жүк айналымы жоспары 9408 млнткмнт болса, орындалғаны – 9249,7 млнткмнт. ДК жоспарына сәйкес, жүк вагондарының өнімділігі – 103,8%, вагонның орташа тәуліктік жүрісі – 103%, тиелген вагонның динамикалық салмағы – 101,9%, пойыздың орташа салмағы – 101,4%, локомотив өнімділігі – 104,8%, локомотив жүрісі – 104,8%, пойыздар қозғалысының учаскелік жылдамдығы – 100,7%, вагондардың бір жүк операциясына тұруы – 111,9%. Көріп отырғанымыздай, өңірдегі жүк тасымалында айтарлықтай ауытқу жоқ. Тасымал көлемінің аздап кемуіне вагон тиеуді игермеу, яғни жүк вагондарының азаюы себеп болған.

Ал, техникалық жоспарға сәйкес бөлімшеде бір жылда пайдаланым жүк айналымы 102,6 %-ті құрап, жалпы негізгі 13 пайдаланым көрсеткіші жоспардан артық орындалып, өткен жылы аймақта жүк тасымалы ойдағыдай болғанын көрсетті.

Ал енді кейбір көрсеткіштердің межеден төмен болуының да өз себептері бар. Алдымен оған орташа жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кемуі себеп. Ал жүк тиеудің кемуіне әсер еткен жағдайларға келсек, Атырау мұнай өңдеу зауытының 16 наурыз бен 17 сәуір және 1 шілде мен 31 тамыз айларында тұтастай екі айға жоспарлы жөндеу жұмыстарына тұруы себеп болған. Зауыт тұрғасын, өнім де шықпайды, сонымен қатар мұнай бағасының түсуіне байланысты әлемдік нарықтағы жаһандық дағдарыс мұнай өнімдерін алудан бас тарту да өз әсерін береді. Соның салдарынан Теңдік станциясынан ашық түсті мұнай өнімдерін тиеуші «Батыс Транс Групп» ЖШС жүктері азайған. Тиелген вагондар аз болған сайын, жүк айналымы да кемиді. 5487 вагон/ 322991 тонна мұнай өнімдері, 582 вагон/ 34125 тонна химикат өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлем қабілетсіздігінің де әсері болды. Сондай-ақ, осы станция бойынша өнімнің жоқтығынан «Парк хранения сжиженного газа» ЖШС-ның 736 вагон/ 34760 т сұйытылған газдан бас тартуы да жүк айналымына ықпалын тигізді.

Жүк жөнелтушілердің жүктен бас тартуы

> **БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫ БОЙЫНША ЖҮК АЙНАЛЫМЫ 749,7 МЛНТКМНТ БОЛЫП, 96,1%-ТІ ҚҰРАДЫ. НЕГІЗГІ 9 КӨРСЕТКІШ ЖОСПАРДАН АРТЫҚ ОРЫНДАЛДЫ.**

да тасымалға тікелей әсер етеді. Мәселен, «Теңізшевройл» ЖШС Құлсары станциясынан 4935 вагон/ 167695 тонна сұйытылған газ бен пропан-бутан, 6061 вагон/ 405090 тонна химикаттарды жіберуден бас тартса, сатып алушылардың төлемқабілетсіздігінен және зауытта газ тазалау қондырғысының жөндеуге тұруы мен 26 шілде мен 30 тамыз аралығында «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» зауытында күкірт конвейерінің сынып қалуы салдарынан Қарабатан станциясынан «Тенгизская Транспортная Компания» ЖШС 2049 вагон/137928 тонна, «Истком Транс» ЖШС 660 вагон/42494 тонна түйіршіктелген күкіртті жібере алмаған. Сондай-ақ, маусым айының 17-22 аралығында Қытайға жөнелтілетін кокс, пропан жүктерін түсіруге конвенциялық тыйым қойылғаны, Қытай аумағында тастанды пойыздардың жиналып қалуы және Орта Азиялық темір жол арқылы өтетін кейбір жүктердің шектелуі де жалпы жүк тиеу көлеміне әсер етпей қоймады. Атырау өндірістік-техникалық бөлім мамандарының айтуынша, сонымен қатар өткен мерзімде транзитті тасымал көлемінің кемуі де байқалады. Бөлімшемен бұрынғыға қарағанда тәулігіне екі пойызға кем қабылданып жүр. Қиғаш түйіспесінен 1 пойыз, Құлсарыдан тәулігіне 1 пойыз кем қабылдануда. Пойыз беру де аталған бағыттар бойынша тәулігіне бір-бір пойыздан кеміген.

Пойыздар қозғалысының орташа техникалық жылдамдығының кемуіне жаз айларында (шілде, тамыз) кейбір учаскелерде жылдамдықты шектеуге ескерту берілгендігі, шпалдардың ақаулығы, Мақат-Сағыз, Мақат-Құлсары, Мақат-Атырау, Атырау-Исатай-Қиғаш аралығында ЖЕЙСМАР, қыркүйек-қазан айларында ПРСМ, ДУОМАТ жол техникаларымен жұмыс жасау үшін және ШЧ, ЭЧ мекемелеріне сымдарды ауыстыру, АБ кабель жөндеу, релелік шкафтарды, бағдаршамдағы трансформаторларды ауыстыру, жоғары кернеулі желілерді тексеру үшін 4-6 сағаттық «толаскез» алынуы себеп болған. Станцияларында жүк операциясына келген вагондардың тұрып қалуы, жиналуын күту, локомотивтерді жалғау жұмыстары да техникалық жылдамдықтың төмендеуіне әсер етті. Алайда, жалпы алғанда өңірде жүк айналымы жақсы қарқында келеді.

Биылғы жылдың қаңтар айы бойынша жүк айналымы 749,7 млнткмнт болып, 96,1%-ті құрады. Негізгі 9 көрсеткіш жоспардан артық орындалды.

*Суретті түсірген автор*

# ЖАҢА ЖОБА ҮМІТТІ АҚТАДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

*(Соңы. Басы 1 бетте. )*

– Мемлекеттік деңгейде айтатын болсақ, бұл – өте үлкен жоба. Оны теміржол саласындағы ұлы көш деп айтуға болады. Қаншама өңірден азаматтарымыз отбасыларымен келіп осында қоныстанды. Бәрі де заманауи принциптерге сай. Дамыған елдерде жұмыс бар жерге көшіп, жұмысқа тұрып, жағдай жасайды. Біз де тура сол секілді ішкі жағдайдың бәрін шештік. Көші-қонға қатысты мәселелер толық шешілді. Төрт облыстан 186 қызметкер келді. Тұрмыс жағдайлары толық жасалған. Азаматтарымыз алаңсыз жұмысқа кіріскен. Технологиялық дамудың арқасында кейбір диспетчерлік айналымдарды біріктіріп жатырмыз. Ол еңбек өнімділігін де өсірді. Бұрын пойыз қозғалысын үш жүзге жуық диспетчер басқаратын. Қазір қалған мамандарымыз басқа жерлерге ауыстырылды. Білімі жеткіліксіз болғандарға оқыту бағдарламасы бар, – деді Әбденов.

Ақтөбеге арнайы келген Ұлттық компания Басқарма төрағасының орынбасары экономикалық тиімділік, бизнес-процестерді жетілдіру, компания қызметін цифрландыру мен автоматтандыруға бағытталған «Цифрлық трансформация» бағдарламасының негізгі тұстарын түсіндіріп, жобалар туралы кеңінен әңгімелеп берді.

– Жобаларды іске асыру шығындарды оңтайландыруға, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, компанияның құны мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға, бұл өз кезегінде қызметкерлердің еңбекақысын арттыруға мүмкіндік береді. Әр диспетчер 45 АЕК көлемінде өтемақы алады. Ол шамамен 131 мың теңге. Егер азаматтарымыз ипотека алатын болса, пәтер жалдап тұруға берілетін қаржыны ипотекаға төлеу мүмкіндігі бар. Ол екі жыл бойы жасалады, – деді.

Серік Әбденов орталықты аралап көріп, диспетчерлермен жеке-жеке тілдесті. Мұхамбет Сиятов – Қызылордадан қоныс аударған диспетчер. «Қазалы-Сексеуіл учаскесінде қауіпсіздік сақталған. Жолаушылар пойызы уақытылы жүріп тұр. Участок екі жолақты, автоматтандырылған. Бұл аумақ 180 шақырым. Екінші участок – бір жолақты Қоскөл-Сексеуіл деп аталады. Сексеуіл мен Қарағанды арасын байланыстырған бір жолақты жаңа жол 270 шақырымды құрайды. Жалпы бұл жердегі барлық учаскелер бойынша 450 шақырымды құрайды. Ешқандай шағым жоқ. Тұрмыстық жағдайым да жақсы. Әйелім, үш баламмен көшіп келдік. Барлық жағдай қамтамасыз етілді. Компания басшылығына алғыстан басқа айтарымыз жоқ», – деді Мұхамбет.

Әбденовтің айтуынша, негізгі жұмыстар өзіміздің мамандар күшімен жасалған. Байланыс каналдары, IT мамандары өзімізден, арнайы бағдарламамен жұмыс жасауды ресейлік мамандар келіп көрсетіп кеткен. «Мамандарымыз бірден алып кетті. Бұл жердегі автоматтандырылған қондырғылар тікелей интернетке тәуелді емес. Біз технологиялық компания болғаннан кейін өзіміздің байланыс каналдарымыз бар. Ол интернеттен бөлек. Сондықтан қауіпсіздік ең басты мәселе болып алдын ала шешілген. Биыл жоспар бойынша Оңтүстік пен Шығыс үшін Алматы қаласында осындай орталық ашылады. Ал орталық пен Солтүстік өңірдегі «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» Нұр-Сұлтан немесе Көкшетауда ашуды жоспарлаймыз», – деді.

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Бөріхан Сматуллаұлы «Пойыздар қозғалысын басқару орталығының» мүмкіндіктері арқасында төтенше жағдай кезіндегі қиындықтардың шұғыл шешілгенін баяндады. «Ұлпанда болған қиын жағдай кезінде қауіпсіздік шарасы бірден ұйымдастырылды. Қазір оқиғаға қатысты тергеу, анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жердегі жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бір жерден басқару жобасы үлкен рөл атқарды. Қызылорда, Шалқар, Қандыағаш және Сексеуілдегі қалпына келтіру пойыздарын көтеріп, 10 сағаттың ішінде жол ашылды. «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығының арқасында шұғыл ұйымдастыру жұмыстары сәтті жүзеге асты», – деді Бөріхан Беркімбаев.

Жалпы, алдын ала болжам бойынша «Пойыздар қозғалысын басқару» орталығын қосу, трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асыру нәтижесінде 2021 мен 2025 жылдары кемінде 100 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алу күтілуде.

№8-9 (2616-2617) 12/03/2021

# МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ




ДОСТИЖЕНИЕ

**Премии Международного союза железных дорог за цифровые технологии удостоено АО «НК «ҚТЖ». Так, Международный союз железных дорог (The International Union of Railways, UIC, МСЖД) подвел итоги ежегодного конкурса UIC Digital Awards-2020. Жюри изучило работы инженеров 29 стран. Среди победителей авторы программ для контроля за безопасностью движения, специальных приложений для клиентов железных дорог, новейших информационных систем для отрасли.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

Директор по цифровым технологиям UIC Фрэнсис Бедель поделился с представителями СМИ, что конкурс прошел среди цифровых решений в трех номинациях («Безопасность», «Сервисные решения» и «Идеи для повышения производительности железнодорожного транспорта»). Также он отметил, что 40 компаний со всего мира подали свои заявки.

Первое место в номинации «Безопасность» заняли компания IVM Srl (Италия) с системами мониторинга для железнодорожных путей и поездов и китайское предприятие Beijing Jing Wei Information Technology Co., Ltd с программой, которая наглядно иллюстрирует уровень риска, основываясь на мониторинге железнодорожных участков.

Второе место в номинации «Безопасность» заняло АО «НК «ҚТЖ» с интегрированной системой «Производственная безопасность» среди 194 железнодорожных компаний мира в международном конкурсе UIC



DIGITAL AWARDS-2020, как стартап-проект в категории «Безопасность».

Автоматизированная система «Производственная безопасность» – это цифровая мобильная платформа. Модуль позволяет сотрудникам железной дороги в режиме реального времени зафиксировать на мобильное устройство любое нарушение, происходящее на железной дороге, и ввести его в систему, прикрепив фото- или видеоподтверждение. После получения сообщения событие рассмотрят и примут меры для неповторения аналогичного нарушения в будущем времени. На сегодняшний день в системе зарегистрировано более 110 тысяч работников. Загрузка мобильного приложения возможна через AppStore, где в поиске нужно ввести KTZ HSE ISPB.

По словам главного инженера ҚТЖ Батыра Котырева, уникальность системы заключается в том, что она является доступной абсолютно для любого работника компании.

– Мобильное приложение работает во благо наших сотрудников и отвечает нынешним реалиям, когда важно работать в цифровом формате. Каждый сотрудник компании может с помощью смартфона передать в автоматизированную систему сообщение о нарушении норм безопасности, – отметил он.

Награждение победителей премии состоялось на ежегодной цифровой конференции МСЖД.

*Фото автора*

# В ОДИН КЛИК




**В АО «ФНБ «Самрук-Қазына» активно работает единая платформа по прозрачному поиску и подбору кадров, трудоустройству на работу Samruk Qyzmet. В общей сложности, на сайте представлены вакансии 166 компаний, включая железнодорожного гиганта – АО «НК «ҚТЖ».**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Нур-Султан

За прошедшие полтора года с момента создания платформой Samruk Qyzmet воспользовались более 32 тысяч соискателей, которые откликнулись 47 тысяч раз. Только за прошлый год на сайте было размещено свыше 4 500 вакансий. С начала этого года на работу с помощью платформы устроились 243 человека. При этом открылось еще 645 новых вакансий.

Необходимо отметить, что внедрение платформы обеспечивает прозрачность процесса трудоустройства за счет отслеживания хода рассмотрения заявки на вакансию и получения обратной связи «в режиме реального времени». Кроме того, платформа имеет единый доступ ко всем вакансиям на административные и производственные должности группы компаний Фонда. К примеру, выпускник университета может выставить фильтр поиска по критерию «без опыта работы», а профессионал, наоборот, искать управленческую должность.

Так, 4 марта первый рабочий день состоялся у двух проводниц поездов №№ 609 и 610, следующих по маршруту Караганда – Жезказган. Эльмира Ерболганова и Айсулу Мустапаева в середине февраля откликнулись на вакансии проводников, которые были размещены на Samruk Qyzmet. И спустя примерно две недели они уже надели форму национальной компании.

– До этого я работала в частной фирме. Но я считаю, что ҚТЖ надежнее, стабильней. На платформе меня зарегистрировала моя знакомая. В течение нескольких дней я прошла тестирование и собеседование. И вот, уже работаем. Сейчас нахожусь в Жезказгане, приехали на нашем поезде, – рассказывает Эльмира.

Ее коллега Айсулу Мустапаева была приятно удивлена тем, как быстро прошел процесс отбора.

– Думаю, мой большой опыт сыграл свою роль. Я работаю проводником уже более 20 лет. Очень рада присоединиться к такой большой железнодорожной команде. Я тут уже многих знаю, и мне радостно, что процесс прошел так легко. Современные технологии очень полезны в таких случаях, – делится она.

Интерфейс платформы удобен и прост, он понятен даже для тех, кто никогда не использовал возможности онлайн-рекрутинга. Фильтры помогают найти подходящую вакансию. Поэтому показатели трудоустройства продолжают расти.

## Инфраструктура

# ДОСТЫК НАБИРАЕТ ОБОРОТЫ

**Учитывая тенденцию роста объемов перевозок через международный переход Достык – Алашанькоу и освоение перспективных объемов, на станции Достык начали реализовывать ряд инфраструктурных проектов, направленных на увеличение пропускной и перерабатывающей способности.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматинская область

Все службы воедино связаны и работают в одном ритме, обеспечивая безопасность движения поездов. Так, несмотря на карантинный период, прошлый год здесь закончили с хорошими показателями. Грузооборот выполнен на 106%. Передача экспортных грузов – на 114%, импорт – на 101%. Задачи выполняются благодаря правильной организации работы и четкому взаимодействию всех служб, участвующих в перевозочном процессе.

– Выполнен установленный план ОСЖД, многие наши труженики профессионально показали себя при организации приема и отправления поездов, маневровых работ, технологического процесса работы станции, а также обеспечения безопасности движения, охраны труда, – говорит главный инженер станции Достык Кайрат Каутанов.

В числе приоритетных направлений у работников станции на 2021 год – укладка второго главного пути перегона Достык – разъезд 19, дополнительных приемо-отправочных путей в парке «А» станции Достык, модернизация поста ЭЦ Достык, реконструкция имеющихся и строительство новых пяти перегрузочных терминалов большой мощности с развитием сети подъездных и соединительных путей.

В планах также строительство пешеходного моста, обустройство инфраструктуры приграничного приемо-отправочного парка «Т». Кроме того, рассматриваются перспективные планы по переустройству центральной горловины станции с укладкой дополнительного ходового пути, предграничного приемо-отправочного парка.

Немаловажное значение уделяется улучшению технологии обработки поездов, снижению времени оформления перевозочных документов службами, задействованными в техпроцессе, увеличению производственных мощностей перегрузочных терминалов.

Не забывают в Достыке и социальную сторону. В плане – строительство Дома культуры, обустройство центра внешкольной работы. Продолжаются работы по озеленению поселка, обновлению парка отдыха железнодорожников, капремонту автодороги Уш Арал – Достык – госграница.

С учетом развития станции Достык планируется увеличение перевозок грузов по стыку Достык – Алашанькоу по колее 1520 мм до 18 пар поездов в сутки, по колее 1435 мм – до 14 пар.

*Фото автора*

# СИСТЕМНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

ТРАНФОРМАЦИЯ

**К 2025 году чистые выгоды от реализации проектов в рамках программы трансформации АО «НК «ҚТЖ» могут достичь 100 миллиардов тенге. Об этом во время онлайн-встречи с корпоративными блогерами компании сообщил директор филиала АО «НК «ҚТЖ» - «Центр трансформации бизнеса» Серик Кандыкбаев.**

На этой неделе для корпоративных блогеров организован пресс-тур в Центр управления движением поездов (ЦУДП) в Актобе. Перед поездкой носители информации по изменениям в ҚТЖ провели для них своего рода вводную лекцию по разъяснению программы трансформации и ее основных целей.

– Трансформация призвана повысить эффективность, производительность компании и снизить расходы, – отметил в своем выступлении Серик Кандыкбаев.

Он подчеркнул, что в настоящее время ҚТЖ является лидером трансформации в АО «Самрук-Қазына». К тому же компания одной из первых вовлекла в процесс реализации программы трансформации представителей Совета директоров – они не только осуществляют контроль, но и активно участвуют в формировании перечня проектов, основных целей и задач.

С 2019 года компания реализует 60 разных проектов и мероприятий. Поистине прорывным стал проект по внедрению мобильного приложения по интегрированной системе безопасности, не имеющий аналогов на рынке.

– На 2021-2025 годы перед нами стоит задача достичь порядка 100 миллиардов тенге чистой выгоды по всем проектам в рамках программы трансформации. Все, что мы экономим от снижения затрат, по согласованию с акционером будет тратиться на улучшение условий труда сотрудников ҚТЖ и увеличение зарплат, – проинформировал Серик Кандыкбаев.

Чтобы изменить эксплуатационные и финансовые показатели, с этого года компания пересмотрела качественные подходы. К примеру, из порядка 30 разных инициатив и проектов, реализуемых на данный момент в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», 10 будут в трансформации и затронут ключевые моменты. Первое – повышение эффективности локомотивной тяги. Второе – оптимизация бизнес-процессов, реинжиниринг, повышение производительности труда. Третье – все, что связано с техническим обслуживанием и ремонтом. И четвертое – все, что связано с топливом.

– Работа над этими четырьмя основными ресурсами позволит ТОО «КТЖ – ГП» стать более конкурентоспособным на рынке, – уверен Серик Кандыкбаев.

Кроме того, сформирован большой блок крупных проектов по автоматизации и диспетчеризации, а также загрузке терминалов АО «Кедентранссервис» и АО «Қазтеміртранс».

– Запланирован отдельный блок по Дирекции магистральной сети. К настоящему времени есть порядка 30 инициатив, которые в ближайшее время мы будем отрабатывать с Советом директоров, – сказал директор филиала «Центр трансформации бизнеса».

# КНР О СИТУАЦИИ НА ГРАНИЦЕ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Нур-Султан

СОТРУДНИЧЕСТВО

**В адрес АО «НК «ҚТЖ» поступил официальный ответ на обращение казахстанской железнодорожной администрации за подписью заместителя генерального директора ГК «Китайские железные дороги» Ли Вэньсин.**

В своем письме Ли Вэньсин констатировал факт того, что в конце ноября прошлого года местные органы власти на станциях Алашанькоу и Хоргос приняли более строгие меры по профилактике и борьбе с пандемией коронавируса.

– Уверен, что вы понимаете необходимость вышеуказанных мер, – отметил он.

На просьбу Казахстана ускорить прием зерновых грузов Ли Вэньсин подчеркнул, что соответствующим структурным подразделениям и Урумчийской железной дороге дано поручение активно координировать свои действия с местным правительством, где расположены приграничные станции, и принимать эффективные меры для решения проблемы.

– В настоящее время организована разгрузка мелкотарных крытых вагонов в приграничном переходе и будет изучена дальнейшая доставка, – сказал он.

В целях обеспечения беспрепятственного прохождения приграничных перевозок АО «НК «ҚТЖ» предложило проводить дезинфекцию внешней части транспортных средств в Казахстане. В свою очередь, компания «Урумчийская корпорация железных дорог» продолжит активно сотрудничать с местными властями для выполнения соответствующей работы.

«Уверены, что совместными усилиями мы эффективно преодолеем негативное влияние эпидемии на приграничные перевозки и обеспечим бесперебойную работу железнодорожных перевозок между нашими приграничными портами», говорится в письме.

С текстом письма в оригинале можно ознакомиться на корпоративном сайте национального перевозчика www.ktzh-gp.kz/

№8-9 (2616-2617) 12/03/2021

## Байқау

**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында өткен жыл бойы теміржолшылар арасында әр маман иесінің еңбекке қабілетін шыңдау, озық тәжірибені насихаттап жетілдіру арқылы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында еңбек үздіктерін анықтау конкурсы жүргізілген.**

# ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жаңа форматтағы жобаға құрметті теміржолшы Әкімжан Қосанов басқаратын дистанциялықтар бір кісідей жұмыла атсалысыпты. Жуырда жылдық конкурс қорытындысы шығарылып, Жалағаш-Тереңөзек теліміндегі СОБ аға электромеханигі Руслан Ермаханов жыл үздігі атанды. Дистанцияның электромеханиктері Қалмақан Убашев пен Жұмаділ Әділов екінші және үшінші орындардан көрінді. Үздіктерді марапаттау шарасы «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы басшылығы мен ұжым кәсіподағы ұйымының демеушілігімен өткізіліп, оза шауып бәйге алғандарға арнайы диплом және Ұлттық компанияның эмблемасы бедерленген бағалы сыйлық тапсырылды.

Ең үздік теміржолшыны анықтауда олардың технологиялық процесс кестелерін қатаң сақтап, өздеріне сеніп тапсырылған жұмысты кәсіби де адал атқаруы, жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруға қосқан сүбелі үлесі іріктеуге түскен. Сонымен қатар үміткерлердің қауіпсіздікті сақтаудағы іс-әрекеттері, жоғары нәтижелері мен түрлі деңгейдегі тексеру мен бақылау кезінде кемшіліктердің болмауы, тапсырмалардың мінсіз орындалуы сарапқа салынуды.

Шын мәнінде бірінен-бірі ажырамастай жалғасып, жымдасып жататын тоқсан тараулы теміржолдың белгі беру және байланыс саласында жыл бойы үздік нәтиже, кемшіліксіз жұмыс үлгісіне ие болу – теміржолшылардың арасынан тек өз кәсібін бес саусағындай білетін нағыз теміржолшыға тән ерекшелік. Осындай сан тараулы сынның сүрінбей мәреге жеткен үш үздікті таңдаған комиссия мүшелерінің де атқарған жұмысы аз емес. Сондықтан Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Әкімжан Қосанов пен дистанция басшысының орынбасарлары Аянбек Бостанұлы, Берік Рзалиев және кадр бөлімі, технологиялық бөлім, кәсіподақ ұйымынан құралған комиссия мүшелері 2020 жылдың үздік теміржолшысы деп СОБ аға электромеханигі Руслан Ермахановты таңдауы да оңайға түспегені анық.

– Руслан – тәжірибелі әрі өз ісін жан-жақты меңгерген теміржолшы. Ол бұл бәйгеге қатыспаса да өзіне тапсырылған жұмыстарды барынша кәсіби дәрежеде атқаратын электромеханик. Оның жыл бойы атқарған жұмыстарын саралағанда кез келген тексеру, тосын бақылау, ревизорлық тексеру секілді шараларда ешбір ағаттық жібермегені анықталды. Сондықтан оның еңбегі бағаланып, жыл үздігі атағына бір ауыздан лайықты деген тұжырымға келдік. Бұл ұжымның кәсіподақ ұйымы бастамасымен және «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы басшылығының қолдауымен дистанция бойынша алғаш рет ұйымдастырылып, оған ұжым мүшелерінің бәрі атсалысты, – деді кәсіподақ ұйымы төрайымы Ғалия Қожахметова.

Дистанциялықтар алдағы уақытта бұл байқауды тұрақты өткізуді дәстүрге айналдырмақ.

*Суретті түсірген автор*

# ҮШІНШІ МЕГАПОЛИС: ЖАҢА ТАЛАПҚА САЙ ӨЗГЕРІС БАР

КӨКЕЙКЕСТІ

**Биыл Шымкент жүк тасымалы мен Шымкент магистральдық желі бөлімшесіндегі қызметкерлердің көптен бері көтерілмеген жалақысы өсіп, теміржолшылардың бір марқайып қалғаны рас. Оның үстіне, әлемді шарпыған пандемияға орай нарықтағы баға халықтың жағдайына қарайласудың орнына шарықтап кеткені жасырын емес.**

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, дәрі-дәрмектер және тұрғындардың басқа да күнделікті қажеттіліктеріне тұтынатын заттардың бағасы айтарлықтай қымбаттағаны қарапайым халықтың қалтасын қақты.

Миллион тұрғыны бар Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылып, еліміздегі үшінші мегаполис мәртебесіне ие болғалы бірнеше жыл. Тиісінше, мегаполисте жаңа талаптарға сай өзгерістер болып жатыр. Соған қарамастан Қазақстанда ең аз жалақының бірі Шымкент қаласы мен Түркістан облысында екені жасырын емес. Барлық заттар мен тауарлар қанша көтеріліп жатса да айлықтың өспейтіні халықтың жанына батады.

ҚР Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 Жарлығының 1 тармағына сәйкес және «Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» 08.12.1993 жылғы ҚР Заңының 9-бабына сәйкес, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің деректеріне сәйкес 1 қазан 2020 жылғы жағдай бойынша орташа айлық жалақы 211 226 теңгені құрады. Шымкент станциясы теміржол торабы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы осы кезеңде іс жүзінде 182 126 мың теңгені құрады. Бұл Қазақстан бойынша орташа есеппен 16%-ға төмен.

Арнайы зерттеулер барысында «Шымкентте азық-түлік арзан» деген әңгіменің жай ғана ел арасында айтылып жүрген «миф» екеніне көз жеткен. Мәселен, үшінші мегаполисте коммуналдық қызметтерге деп бекітілген тарифтер – аймақтағы ең жоғары тарифтердің бірі. Айталық, табиғи газ тарифі Шымкентте 1 текше метрге 32 теңгені, Алматыда 1 текше метрге 29 теңгені, Қызылордада 21 теңгені, Қостанайда 23 теңгені құрайды екен. Ал ауыз су Шымкентте 1 текше метр үшін 88 теңге, Астанада 46 теңге, Алматыда 48 теңге, Таразда 45 теңге. Электр энергиясы Шымкентте тариф 1 квт үшін 14,76 теңгені, ал Астанада 1 квт үшін 8,58 теңгені, Ақтөбеде 1 квт үшін 11 теңгені құрайды. Демек, көріп отырғанымыздай, коммуналдық қызметті тұтынуда Қазақстан бойынша ең қымбат тариф…

Осы жылы теңге бағамының 13%-ға төмендеуі және тұтыну бағаларының өсуі мен инфляция Қазақстан азаматтарының көпшілігінің, оның ішінде Шымкент қаласы мен Түркістан облысы теміржолшыларының өміріне де айтарлықтай кері әсерін тигізді. Ұлттық Банктің деректері бойынша ең жоғары өсу қарқыны нан-нұн өнімдері мен жармалар – 13,8%-ға, жеміс-көкөніс өнімдері – 13,4%-ға, ет және ет өнімдері – 14%-ға дейін өсті. Ал осы кезде елдегі инфляция 9% деңгейінде сақталды.

Шымкент филиалы кәсіподақ ұйымының төрайымы Нағима Салықбаеваның да толғандыратын осы мәселе екен. «Мегаполис мәртебесін алған қаланың дамуы үшін жасалып жатқан жаңа мүмкіндіктер әрбір теміржолшының өміріне де оң өзгерістер әкелуі қажет. Осыған байланысты Түркістан облысы мен Шымкент станциясының ірі теміржол торабындағы теміржолшылардың еңбекақысын және т.б. қызметкерлерге арналған басқа да жеңілдіктерді тиісінше арттыру мәселелері туындайды. Олар ҚР Президенті қабылдаған шешімдер мен Үкіметке және ұлттық компания басшыларына қалаға берілген жаңа мәртебеге сәйкес өз қызметкерлерінің еңбекақысын қайта қарау туралы тапсырмадан хабардар. Алайда 2 жыл ішінде тарифтік кестені қайта қарау, ҚР Президентінің тапсырмасын орындау бойынша өзгерту туралы шешім жоқ. Тек компания басшылығының жыл сайын еңбекақы қорын 5%-ға арттыруынан басқа ештеңе жасалмай отыр. Бүгінгі таңда Шымкент қаласы торабы теміржолы көлігі қызметкерлерінің жалақысы басқа облыстармен және Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары сияқты ірі екі мегаполис қалалармен салыстырғанда 15%-ға дейін төмен», – дейді Шымкент филиалы кәсіподақ ұйымының төрайымы, орталық кеңестің мүшесі Нағима Салықбаева.

Оның айтуынша, мысалы, Шымкент қаласының торабы №4 тарифтік кесте бойынша жалақы алады, яғни 5 сананаттағы жұмысшылар мен қызметшілер – 75 838 теңге, мамандар – 80 355 теңге. Алматы қаласы бойынша да осындай мамандықтар №6 тарифтік кесте бойынша жалақы алады, мұнда 5 санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер – 86 180 теңге, мамандар – 91 313 теңге алады екен.

Сонымен қатар, үшінші мегаполис мәртебесін алғаннан кейін жеке тұлғалардың салықтық міндеттемелері бойынша орасан зор өзгерістер болғанын айта кеткен жөн. Шымкент қаласында жылжымайтын мүлік салығы қала облыс орталығы болған кезде екі есеге жуық өсті. Салық 1 шаршы метр үшін 36 мың теңге базалық құнымен есептелді. Қазір бұл көрсеткіш 1 шаршы метр үшін 60 мың теңгеге дейін шарықтады. Жер салығы бойынша қала облыс орталығы кезінде 1 шаршы метр үшін 0,58 теңге базалық ставканы негізге ала отырып есептелген болса, енді бұл көрсеткіш 0,96 теңгеге дейін өсті. Бұл осы Түркістан мен Шымкенттегі әрбір теміржолшының отбасылық бюджетіне оңай тимесі анық.

«Біз осыған орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы алдында, сондай-ақ есепті жылы тарифтік кестені қайта қарау және Шымкент қаласы мен жалпы оңтүстік аймақтың теміржол саласы қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру мәселесінде көмек көрсетуін сұрап мәселе көтерген болатынбыз. Сол өтінішіміз орындалып, биыл қаңтар айынан бастап теміржолшылар 25 пайыз қосылған жалақыларын ала бастады», – деді Нағима Әуезханқызы.

Президент пен Үкіметтің шешімі бойынша жыл сайын бюджет саласы қызметкерлерінің педагогтар мен дәрігерлердің, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын 25-30%-ға қайта қарау және арттыру олардың өмір сүру деңгейі мен еңбек қызметін арттыруға, олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуді ынталандыруға бағытталған. Шымкентте 38148 көпбалалы отбасы тұрады. Тұрақты жұмыс орындарының болмауына байланысты жұмыссыз жүргендер көп, әсіресе көпбалалы отбасылардың материалдық әл-ауқаты мәз емес. Нағима Әуезханқызы, халқы өте тығыз орналасқан үшінші мегаполис тұрғындарының әлеуметтік ахуалына Үкімет тарапынан арнайы көңіл бөлінуі қажет деп санайды.

Шымкент жол бөлімшесінің диспетчері Өмірбай Алтыбай биылдан бастап еңбекақысының айтарлықтай өскеніне риза. «Теміржолшылардың жалақысын өсіруге ең алдымен кәсіподақ ұйымы табандылық танытты. Бұдан бөлек, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар мен түйткіл көп мәселелерді де кәсіподақ Компания басшылығы алдында үнемі көтеріп отырады», – дейді Өмірбай Ежеуұлы.

Еске сала кетсек, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 18 524 теңге, зейнетақының ең төменгі мөлшері – 43 272 теңге болып бекітілген болатын. Алайда, 42500 теңгеге қазіргі уақытта ешкімнің де бір ай өмір сүре алмасы анық.

# САРЫАРҚАНЫҢ ҚАҚПАСЫ СЫНДЫ

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

**Тоғыз жолдың торабында, күре жолдың бойында жатқан Сарышаған станциясын Сарыарқаға ашылған қақпа десек болғандай. Шудан өткесін Балқашты жағалап Сарыарқаның сайын даласына бет алған пойыздар мұнда тоқтамай өтпейді.**

Асхат РАЙҚҰЛ,
Сарышаған

Коронавирусқа байланысты енгізілген карантин жағдайында да күнделікті шаруа реті бұзылмаған станцияда соңғы төрт-бес айда тіпті қыза түскен. Бұған Сарышаған станциясының директоры Руслан Таңатаровпен әңгімелескенімізде көз жеткіздік. Оның айтуынша, соңғы айларда станцияда пойыз қозғалысы жиілей түскен. Қаңтар айының өзінде жолаушылар пойызынан бөлек 40 тақ пойызы, 40 жұп пойызы өткен.

«Сарышаған станциясының іргесі 1953 жылы қаланған. Арада бір жыл өткен соң, Мойынты-Шу теміржол телімі ашылған. Содан бері бекет халыққа үзіліссіз қызмет етіп келеді. Қазіргі таңда мұнда 31 теміржолшы еңбек етеді. Барлығы да өз істерінің майталмандары. Бірақ, бір өкініштісі, Сарышаған станциясында бірде-бір «Құрметті теміржолшы» жоқ. Бұл – біздің қызметкерлеріміздің біліксіздігі емес. Бұл аймақта соңғы он жылда ешқандай төтенше оқиға болған емес. Бұл басшылықтың назарға алмағандығынан шығар», – деген бекет басшысы Назымгүл Елеусінова есімді парк кезекшісін станция ұжымы мақтан тұтатынын жеткізді.

Назымгүл Тәжікұлқызының мұнда табан аудармай еңбек етіп келе жатқанына қырық жылдан асыпты. Енді бір жарым жылдың айналасында зейнеткерлікке шығатын көрінеді. Станция ұжымының назы сол, Назымгүлдей нағыз өз ісінің майталман маманы әбден лайық, басшылық соны ескерсе дейді.

Шаруаның жайына қайта оралған Руслан Таңатарұлы станцияның қызметкерлері соңғы үш айдың өзінде 150 вагонға техникалық түз тиегендерін әңгімеледі. Сарышағанның іргесіндегі, 15 шақырым қашықтықтағы Тасарал ауылында өндірілетін түз осы күнге дейін Көктас станциясынан артылып келген. Біршама уақыттық үзілістен соң, аталған өндіріс қайта жанданып, енді Орта Азия мемлекеттеріне Сарышаған станциясы арқылы өнімдерін өткізуде.




– Олар алдағы уақытта техникалық тұзды Ресей нарығына шығаратындарын айтып отыр. Будан бөлек, біздің станциямыз арқылы Шайқорық жақтан келетін тауарлар, Мыңарадлдың цементі, Шудың қасындағы Бірлік станциясынан түсті металл өнімдері өтеді. Олардың бірі Өзбекстанға жөнелтілсе, бірі Тәжікстанға, тағы бірі Ресейге жол тартады. Темірутау қаласында өндірілетін қара түсті металдар да біздің станция жолдары арқылы Орта Азияға ағылып жатыр. Балқаштағы «ҚазақМыс» зауыты да біздің станция ұжымы көмегіне жүгінеді, – дейді Руслан Таңатаров.

Сарышаған станциясының әскери салада да стратегиялық маңызы бар. Көршілес Ресей Федерациясының бірнеше әскери бөлімшесі түрлі техникаларын осы станция арқылы тасымалдайды екен. Алда «Сарышаған» полигонында үлкен әскери оқу-жаттығу өтпек. Оған қажетті түрлі баллистикалық зымыранды, танктер, әскери ауыр жүк көліктері теміржол арқылы тасымалданбақ. Сол кезде теміржолшылардың жұмысы еселене түспек.

*Суретті түсірген автор*

**Шымкент магистральдық желі бөлімшесі – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысып отырған ұлттық компания филиалдарының бірі. Десе де, халық тығыз орналасқан бұл аймақта кедергі көп және ол адам факторымен байланысты болып отыр.**

# АДАМ ФАКТОРЫМЕН АРПАЛЫС...

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

Бөлімшенің бас инженері Мұхтарбай Битемиров, қозғалыс қауіпсіздігіне өрескел нұқсан келтіретін жағымсыз жайттардың алдын алу бағытында тұрақты жұмыс жүргізіліп жатса да, пойызды шұғыл тоқтату, бөгде адамдардың теміржолдарда жүруі, қараусыз малдың жолға шығып кетуі, теміржол мүліктерінің ұрлануы сияқты фактілердің әлі де көп тіркеліп отырғанын, осыған байланысты теміржолға жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарына ҚР Кодексінің 559-бабы 1-55-тармағына сәйкес 1768 үзінді көшірме таратылғанын айтады. Онда ереже бұзған жағдайда үш АЕК мөлшерінде айыппұл салынатыны ескертілген.

«Біз станцияларда 2578 адамды қамти отырып, 41 жиналыс өткіздік. Білім орындарында «Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақ» тақырыбында 3814 оқушыға түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. 4252 мал иесіне шойын жолдың бойында мал жаю және айдап өту ережелерін таныстырып, қауіпті екенін айттық. Сонымен қатар, жолда бөгде заттардың жатуы, мал жаю, жолдарда бөгде адамдардың жүруі, теміржол қоршауларының қолды болмауы» бойынша 25 рейд жүргіздік. ЖІБ, МАИ қызметкерлерімен бірлесіп өткелдерде 17 кешенді рейд жүргіздік, 903 жүргізушіге ережелер таныстырылды, 65 кәсіпорынға 8 түсіндіру жұмысы жүргізілді», – деген бас инженер былтыр бөлімше бойынша 30,7 км жол бойына малға қарсы қоршау орнатылып, 23 км жол бойындағы қоршауға жөндеу жүргізілгенін, алайда осы қоршаулары адамдардың өздері бұзып алып кетіп жататынын қынжыла жеткізді.

Интервью



# ВРЕМЯ РЕФОРМ

**Несмотря на пандемию covid-19, ставшую серьезным испытанием для экономики страны, железнодорожные грузовые перевозки завершили год в плюсе. Работа не останавливалась даже в период ЧС. Сегодня перед грузовыми перевозками стоит масштабная задача по переходу к новой модели работы, для этого корректируются планы, реализуются мероприятия, направленные на то, чтобы услуги железной дороги стали более эффективными и конкурентоспособными.**

О том, какие новшества планируется реализовать в 2021 году, рассказал заместитель председателя правления по грузовому движению АО «НК «ҚТЖ» – генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Даурен Бимов.

**– Даурен Оралсынович, железная дорога в любой стране – это лакмусовая бумажка экономики. Если идет спад или, наоборот, рост, это отражается на объемах перевозок. Отразилась ли эпидемиологическая обстановка на объемах железнодорожных грузовых перевозок? С какими итогами завершили 2020 год?**

– Несмотря на распространение коронавируса и введение в стране чрезвычайного положения, в 2020 году грузовые железнодорожные перевозки осуществлялись в штатном режиме. В отличие от пассажирского движения, они не прерывались. Поэтому мы смогли достичь хороших результатов. В 2020 году железнодорожным транспортом перевезено свыше 256,5 миллиона тонн грузов, что на 1,4 миллиона тонн больше, чем в предыдущем.

